

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қантардағы № 7 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 қантарда № 9715 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" мемлекеттік мекемесіне "Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы" (әуе желісі-500 киловольт Жітіқара-Өлке) объектісі бойынша өңіраалық электр таратудың желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қамысты ауданының Қамысты ауылдық округі аумағында орналаскан жалпы алаңы 0,5083 гектар жер участкеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қамысты ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет

Г. Бекмухамедов